

«ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY» БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ

МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**7М01101 «ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ»
(ғылыми және педагогикалық бағыт)**

Семей, 2023 ж.

Педагогика және психология кафедрасының ПОҚ-мен әзірлеген

Педагогика және психология кафедрасының отырысында талқыланды және мақұлданды (хаттама № 9 27.01.2023 жыл).

Гуманитарлық факультеттің сапа жөніндегі академиялық кеңесінің отырысында қаралды және бекітуге ұсынылды (хаттама № 2 10.02.2023 жыл).

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қаралды және бекітілді (хаттама № 5 25.05.2023 жыл).

МАЗМҰНЫ

1. Түсіндірме жазба
2. Түлектің құзыреттілік моделі
3. МББ құрамына енетін модульдердің тізімі,қысқаша сипаттамасы

1. Түсіндірме жазба

Модульдік білім беру бағдарламасы (МББ) келесі нормативтік құжаттар негізінде жасалған:

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді.

2. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17669 болып тіркелді.

3. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылғы 27 мамырда № 6976 тіркелді.

4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17657 болып тіркелді.

5. «Педагог» кәсіптік стандарты, бұйрыққа қосымша 2022 жылғы 15 желтоқсан №500

ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY нормативтік құжаттарымен

1. Модульдік білім беру бағдарламасының құрылымы. ӘЖ 05.10.2022 ж. № 4 басылым;

Модульдік білім беру бағдарламасы бірнеше блоктан тұрады. Базалық пәндер, кәсіптік пәндер, ғылыми-зерттеушілік жұмысы, қорытынды аттестаттау. БП блогының модульдеріне 35 кредит (ЖОО компоненті -17, педагогикалық іс-тәжірибе - 3 кредит, ТК - 15), КП блогына - барлығы 53 кредит (ЖОО компоненті-8, зерттеу практикасы-13 кредит, ТК -35), тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ) 24 кредиттер және қорытынды аттестация – 8 кредит.

Білім беру бағдарламасы бойынша барлығы 120 кредит.

Модульдік білім беру бағдарламасы 9 модульден тұрады.

Әлеуметтік серіктестер МБББ талқылау кезінде ББ мазмұны болашақ педагог-психологтардың қажетті құзыреттерін толық көрсететінін атап өтті. МБББ талқылауына қатысқан әлеуметтік серіктестер: Аубакирова Р.Ж.– ҚР педагогика ғылымдарының кандидаты, РФ педагогика ғылымдарының докторы, «Тұлғалық даму және білім беру» кафедрасының меңгерушісі, Торайғыров университеті., Едігенова А. Ж. - «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент. **Модульдік білім беру бағдарламасының мақсаты** - Қазіргі Қазақстанның өзгермелі жағдайында жұмыс істеуге бағдарланған, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, педагогика және психология саласындағы мамандарды кешенді даярлау.

Білім беру бағдарламасының күтілетін нәтижелері

ON 1 Ғылыми танымның дамуындағы заманауи үрдістер, психологиялық-педагогикалық ғылымның өзекті философиялық мәселелері, ғылыми таным методологиясы туралы түсінікке ие болу

ON 2 Жоғары білім берудің қазіргі парадигмаларын, инновациялық менеджменттің басқару қызметі мен басқару қатынастарының негізгі ережелерін анықтау

ON 3 Қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық ғылымдарының негізгі категорияларына, ережелеріне, ҚР Білім беру мазмұнына анықтама беру

ON 4 Жоғары мектептің өзекті мәселелерін, ҚР-дағы жоғары білімнің даму тарихында педагогикалық ойларды және қазіргі білім беру қызметінің тәжірибесін пайдалана отырып, жоғары білімнің өзекті мәселелерін қайта қарау

ON 5 Жеке тұлғаны дамытудың мәдени-тарихи тұжырымдамасының мәнін ашу, өзін-өзі тануда жеке және кәсіби өзін-өзі, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жүзеге асырудың арнайы әдістері мен әдістерін өзін-өзі тануға мүмкіндік беретін ұғымдарды қалыптастыру және бекіту.

ON 6 Жеке тұлғаны қарастыратын әртүрлі тұжырымдамалардың мазмұнын тану, проблемалық этикалық жағдайларды педагогикалық және әлеуметтік деонтология тұрғысынан шешу тәсілдерін; мұғалімнің кәсіби этикасының теориясы мен практикасы саласындағы негізгі дағдылар мен қызмет әдістерін білу.

ON 7 Психологиялық-педагогикалық қызметті ұйымдастыруда тренингтік, түзету және кеңес беру жұмыстарының қазіргі заманғы психотехнологиясын және оқытудың интерактивті әдістерін қолдану

ON 8 Жаңа таныс емес жағдайларда аналитикалық және басқарушылық міндеттерді шешу үшін әртүрлі пәндер шеңберінде алынған білімді біріктіру

ON 9 Жаңа проблемалар мен жағдайларды шешуге шығармашылық тұрғыдан қарау және креативті ойлау іскерлігін көрсету

ON 10 Педагогикалық және психологиялық пәндерді оқыту әдістемесінің дағдылары мен білігін көрсету, шет тілін жеткілікті меңгеру

ON 11 Диссертация түріндегі ғылыми-зерттеу және аналитикалық жұмыстың нәтижелерін, ғылыми мақала, есеп және академиялық сипаттағы жазбаша мәтіндерді жасаудың қазіргі заманғы тұжырымдамалары түрінде жалпылап көрсету.

ON 12 Жүйке жүйесінің қасиеттерінің көріну және іс-әрекеттегі стильдік, жекелік-психологиялық мінездемелер ерекшеліктерімен байланыстыра алу

ON 13 Психологиялық-педагогикалық ғылыми зерттеу әдістерінің кешенін қолдана отырып, эмпирикалық әдістердің жіктелуін, эксперименттік зерттеудің әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық аспектілері ұйымдастыру және жүргізу

ON 14 Кәсіби қызметтегі қарым-қатынас мәдениетінің дағдыларын көрсете отырып, кәсіби қарым-қатынастың ең тиімді тәсілдерін таңдау

ON 15 Іс-тәжірибенің түрлерінен өту кезіндегі теориялық білімдерді және кәсіби дағдылардың қалыптасуын бағалауды жүргізу

2. ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МОДЕЛІ

1. ТҮЙІНДІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК

Білу:

- ғылыми таным әдістемесі;
- қазіргі психологиялық-педагогикалық ғылымның мәселелері;
- ғылыми қызметті ұйымдастырудың принциптері мен құрылымы;
- оқу процесінде білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің психологиясы;
- оқытудың тиімділігі мен сапасын арттырудың психологиялық әдістері мен құралдары.

Іскерлік:

- алынған білімді ғылыми зерттеулер контекстінде идеяларды түпнұсқа дамыту және қолдану үшін пайдалану;
- процестер мен құбылыстарды талдаудың қолданыстағы тұжырымдамаларын, теорияларын мен тәсілдерін сыни тұрғыдан талдау;
- жаңа бейтаныс жағдайларда зерттеу мәселелерін шешу үшін әртүрлі пәндер бойынша алған білімдерін біріктіру;
- білімді интеграциялау арқылы толық емес немесе шектеулі ақпарат негізінде пайымдаулар мен шешімдер қабылдау;

- жоғары мектептің педагогикасы мен психологиясы туралы білімдерін өзінің педагогикалық қызметінде қолдану;
- интерактивті әдістерді қолдану;
- заманауи ақпараттық технологияларды тарта отырып, ақпараттық-талдамалық және ақпараттық-библиографиялық жұмыс жүргізу;
- ғылыми зерттеулер жүргізуге және жоғары оқу орындарында арнайы пәндерді оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кәсіби деңгейде шет тілін меңгеру;
- ғылыми-зерттеу және аналитикалық жұмыстың нәтижелерін диссертация, ғылыми мақала, есеп, аналитикалық жазба және т. б. түрінде қорытындылау.

Дағды:

- ғылыми-зерттеу қызметі, стандартты ғылыми міндеттерді шешу;
- Кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім беру және педагогикалық қызметті жүзеге асыру;
- Кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесі;
- білім беру процесінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану;
- кәсіби қарым-қатынас және мәдениетаралық коммуникация;
- шешендік өнер, өз ойларын ауызша және жазбаша түрде дұрыс және логикалық жобалау;
- күнделікті кәсіби қызметке және докторантурада білім алуды жалғастыруға қажетті білімді кеңейту және тереңдету.

2. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК

Білу:

- ҚР-да жоғары кәсіптік білім беруді дамытудағы өзекті үрдістер;
- қазіргі психологиялық-педагогикалық ғылымның, қазақстандық және шетелдік ғалымдардың тұлға теориясының ережелері ;
- ғылыми-әдістемелік кешендерді, авторлық курстарды әзірлеу әдістері;
- көптілді кадрларды даярлау шеңберінде ғылыми-әдістемелік өнімдерді, оқу-әдістемелік кешендерді, авторлық курстарды әзірлеу әдіснамасы
- педагогикалық менеджмент пен басқарушылық қызметтің психологиялық негіздері;
- Кәсіби саладағы халықаралық ынтымақтастықтың нормалары, ережелері, нысандары, әдістері мен құралдары

Іскерлік және дағды:

- тәлімгердің басшылығымен оқылатын пәндердің ОӘК әзірлеу;
- педагогикалық және психологиялық пәндерді оқыту әдістемесін көрсету;
- психологиялық-педагогикалық қызметте оқытудың интерактивті әдістерін қолдану.
- білім беру ұйымының миссиясы мен мақсаттарына сәйкес авторлық курстарды құрастыру;
- оқу-тәрбие процесіне әлеуметтік әріптестерді , кәсіптік бірлестіктердің, ғылыми ұйымдардың өкілдерін, шетелдік әріптестерді тарту;
- халықаралық ынтымақтастықты және әлеуетті жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды дамыту;

3. ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК

Білу:

- тұлғаның кәсіби дамуын басқару негіздері, кәсібиліктің әлеуметтік-психологиялық мазмұнының негіздері;
- басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудың, әлеуметтік ортаны түсінудің және оған бейімделудің тиімді тәсілдері.

- өзінің жеке басының ерекшеліктері, оның күшті және әлсіз жақтары, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі реттеу дағдылары бар.

Іскерлік және дағды:

- басқалармен байланыс орнату, олардың мотивтері мен эмоцияларын түсіну, сондай-ақ әлеуметтік нормалар мен үміттерге сәйкес әрекет ету.
- қарым-қатынаста шекара белгілеу.
- жанжалдарды шешу, әртүрлі жағдайларға бейімделу.
- көшбасшылық қасиеттерді дамыту, өзін-өзі бағалауды арттыру, өмірдің әртүрлі салаларында үйлесімді және нәтижелі қарым-қатынастар құру.
- әлеуметтік жағдайларды шарлау, басқа адамдардың жеке ерекшеліктері мен эмоционалдық күйлерін дұрыс анықтау, олармен жұмыс істеудің барабар тәсілдерін таңдау және өзара әрекеттесу процесінде осы әдістерді жүзеге асыру.

4. ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІК

Білу:

- педагогикадағы және білімнің арнайы саласындағы ғылыми зерттеулердің теориялық және әдіснамалық негіздері;
- зерттеу нәтижелерін практикалық педагогикалық қызметке енгізу әдістері;
- Көпмәдениетті және көптілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулердің әдіснамасы;
- зерттеу нәтижелерін коммерцияландыру тетіктері

Іскерлік және дағды:

- зерттеу міндеттерін қою және шешу үшін теориялық және практикалық білімді өз бетінше пайдалану;
- зерттеу нәтижелерін диссертация, ғылыми мақалалар және шығармашылық есептер түрінде практикалық педагогикалық және аналитикалық жұмысқа дербес енгізу;
- зерттеу нәтижелерін дербес және ұжымдық сынақтан өткізу оның ішінде алынған нәтижелерді коммерцияландыру мақсатында ;
- білім беру практикасын жетілдіру үшін психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласында дербес және ұжымдық жоспарлау және зерттеу жүргізу;
- эмпирикалық зерттеу әдістерін таңдау және жіктеу;
- зерттеудің психологиялық-педагогикалық, ғылыми және эксперименттік әдістерін қолдану.

Кесте 1. Арнайы құзыреттерді қалыптастыру процесінде пәндерді игеру реттілігі

	Құзыреттілік	Міндетті, элективті пәндердің тізбесі және оларды зерделеу реттілігі		Күтілетін нәтижелер
		Пәндер тізімі	семестр	
1	Кәсіби, түйінді	Психология мен білім берудегі мәдени-тарихи және іс-әрекеттік әдістер	1	Білу: психологиядағы мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тәсілдердің қалыптасу тарихы; жеке тұлғаны дамытудың мәдени-тарихи тұжырымдамасының мәні, сананың жүйелік-семантикалық құрылымы; қазіргі психологиядағы және қазіргі білім беру жағдайындағы іс-әрекеттік тәсілді іске асырудың негізгі бағыттары; білім беру жүйесінің өзекті мәселелерін шешудегі мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тәсілдің мүмкіндіктері мен шектеулері. Іскерлік: ғылыми танымның дамуындағы қазіргі тенденцияларды, психологиялық-педагогикалық ғылымның өзекті философиялық мәселелері, ғылыми таным әдіснамасын тану; мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тәсіл әдіснамасы шеңберінде оқушылардың жеке басын қалыптастырудағы өзекті және жақын даму аймақтарын, сондай-ақ шиеленіс аймақтарын бөліп көрсету. Дағды: қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық ғылымның негізгі категориялары, ережелері; мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тәсілдің әдіснамасы; мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тәсіл шеңберіндегі теориялық және қолданбалы зерттеулердің әдіснамасы.
2	Зерттеушілік, түйінді	Оқыту бағыттары бойынша академиялық жазудың ерекшеліктері	2	Білу: ғылыми қызмет нәтижелерін ауызша және жазбаша түрде ұсыну ерекшеліктері; ғылыми қызмет нәтижелерін ауызша және жазбаша түрде ұсынудың стилистикалық ерекшеліктері; рецензияланатын ғылыми басылымдарда жариялауға арналған қолжазбалардың мазмұнына қойылатын талаптар және оларды ресімдеу қағидалары. Іскерлік: рецензияланатын ғылыми басылымдарда жарияланымдар түрінде диссертациялық жұмыс

				тақырыбы бойынша ғылыми нәтижелерді ұсыну; академиялық қоғамдастыққа ҒЗЖ (оның ішінде диссертациялық жұмыс) нәтижелерін ұсыну. Дағды: негізгі дүниетанымдық және әдіснамалық мәселелерді талдау; ғылыми және ғылыми-білім беру міндеттерін шешу бойынша жұмысты жүзеге асырудағы коммуникацияның әртүрлі түрлері; ғылыми мәтіндерді талдау дағдылары.
3	Кәсіби	Қазақстандағы жоғары білім берудің даму тарихы	1	Білу: Қазақстандағы жоғары білім беруді дамытудың негізгі бағыттары мен теориялары; жоғары білімнің негізгі ұғымдары; жоғары оқу орындарының негізгі түрлері, жоғары білім беру саласындағы бағдарламалардың түрлері. Іскерлік: жоғары оқу орнында жұмыс істеудің негізгі әдістерін, құралдары мен формаларын таңдау Дағды: ҚР білім беруді дамыту тәжірибесін және қазіргі білім беру тәжірибесін пайдалану
3	Кәсіби	ЖОО-да білім беру мазмұнын және оқыту технологиясын жүзеге асырудың ғылыми-теориялық негіздері	1	Білу: болашақ мамандарды кәсіби қызметке психологиялық-педагогикалық даярлаудың әдіснамасы мен әдістемесінің негізгі ережелері, "Жоғары мектептегі білім мазмұны" ұғымының мәні, білім беру мазмұнын таңдау және құру принциптері. Іскерлік: Оқу процесінде алынған теориялық білімді қолдану Дағды: өз бетінше жұмыс істеу, жоғары мектепте заманауи педагогикалық технологияларды пайдалана отырып оқытуды ұйымдастыру. ; көпшілік алдында сөйлеу, дәлелдеу, пікірталас жүргізу дағдыларын меңгеру; әлеуметтік өзара іс-қимыл жасау қабілеті мен дайындығы: қоғаммен, қоғамдастықпен, ұжыммен, отбасымен, іскерлік серіктестермен; ынтымақтастыққа және жанжалдарды шешуге; төзімділікке, басқаны құрметтеуге және қабылдауға; әлеуметтік ұтқырлыққа
4	Кәсіби	Педагогикалық акмеология	2	Білу: педагогикалық акмеологияның теориялық-әдіснамалық негіздері, оның қазіргі тұжырымдамалары, акмеологияның психологиялық ерекшеліктері,

				ғылымының мазмұны мен мақсаттары, қағидалары, қазіргі қоғам өміріндегі акменің ролі, жоғары білім беру тәжірибесіндегі акмеологиялық технологиялар туралы білімдерінің болуы. Іскерлік: болашақ мамандардың өзін-өзі дамыту мен шығармашылыққа қабілеті мен кәсіби әрекетін ұйымдастыра алу саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, мотивациялық белсенділіктерін жетілдіру. Дағды: болашақ мамандардың өзін-өзі дамыту мен өз шеберлігін дамыту жолында іс-әрекетті ұйымдастыра білу, жоғары білім беру тәжірибесіндегі әлеуметтік табысты дамытуға бағытталған акмеологиялық технологияларды мен әдіс-тәсілдерін жүргізе білу.
4	Кәсіби	Қазіргі психологиядағы ғылыми мектептер мен теориялар	2	Білу: қазіргі психологиялық ғылыми мектептер мен теорияларды құрудың пәні, тарихы, әдіснамалық негіздері, негізгі тәсілдері мен принциптері; Қазіргі психологиялық ғылыми мектептер мен теорияларды дамытудың негізгі тенденциялары; Іскерлік: ғылыми және практикалық мәселелерді шешу үшін жеке психологиялық теорияларда әзірленген білімді, теориялық модельдер мен әдістерді қолдану; ғылыми рационалдылық түрлерінің дәйекті өзгеруі контекстінде психологияның заманауи мәселелерін қарастыру; Дағды: әртүрлі психологиялық теорияларда қолданылатын интерпретациялық схемалар мен тәсілдерді; ғылыми және практикалық мәселелерді шешу үшін жеке психологиялық теорияларда әзірленген әдістерді меңгеру
5	Әлеуметтік-психологиялық	Кәсіби қарым-қатынас психологиясы	2	Білу: кәсіби қарым-қатынастың тиімді әдістері; қарым-қатынас серіктесін қабылдаудың психологиялық заңдылықтары; жұмыс топтарында болатын процестер; өзара әрекеттесу субъектілерінің мінез-құлқының негізгі стратегиялары; кәсіби қарым-қатынас мәдениетінің, этикасы мен этикетінің психологиялық ерекшеліктері. Іскерлік: кәсіби қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық заңдылықтарын ескере отырып, қарым-қатынас бойынша серіктеспен тиімді өзара іс-қимылды

				ұйымдастыра білу; ұжымды қалыптастыру процесінде алған білімдерін пайдалану; кәсіби қарым-қатынас этикасының нормаларын практикада қолдану; алған білімдерін көпшілік алдында сөйлеу, келіссөздер, жиналыстар шеңберінде пайдалану. Дағды: кәсіби қызметтегі қарым-қатынас мәдениетінің дағдылары; ынтымақтастықты орнату және қолдау үшін тиімді қарым-қатынас әдістері мен әдістері;
5	Әлеуметтік-психологиялық	Көпшілік коммуникация психологиясы	2	Білу: бұқаралық коммуникациялардың пайда болу ерекшеліктері; бұқаралық коммуникациялардың әлеуметтік-психологиялық функциялары; Іскерлік: кәсіби қызметте қарым-қатынас мәдениетінің дағдыларын көрсету; бұқаралық коммуникация жағдайында топаралық қарым-қатынас әдістемелерін жүргізу Дағды: қарым-қатынас процесін құрудың негізгі психологиялық әдістері
6	Кәсіби, әлеуметтік-психологиялық	Педагогикалық деонтология	3	Білу: педагогикалық деонтологияның негізгі принциптері; деонтологиялық дайындықтың мәні мен құрылымы, деонтологиялық дайындықты анықтаудың негізгі тәсілдері; оқытушы қызметіндегі этикалық-деонтологиялық нормалар; кәсіби өзін-өзі танудың, өзін-өзі тәрбиелеудің мазмұны мен әдістері; Іскерлік: оқытушының кәсіби-маңызды қасиеттерінің қалыптасу деңгейін диагностикалауды жүзеге асыру;
6	Кәсіби, әлеуметтік-психологиялық	Педагогикалық өлшем	3	Білу: педагогикалық тестілерді құру және пайдалану алгоритмдерін, статистикалық деректерді масштабтау және өңдеу әдістерін қамтитын педагогикалық өлшемдердің теориясы мен тұжырымдамасын; табысты сараптамалық қызметті қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық және ғылыми-әдістемелік құжаттарды; сараптамалық қызметті ұйымдастырудың стратегиясы мен тактикасын; Іскерлік: білім беру сапасын арттыру мақсатында педагогикалық өлшеулер нәтижелеріне квалиметриялық талдау жүргізу және талдау нәтижелерін түсіндіру; білім

				беру сапасының әртүрлі көрсеткіштері бойынша сараптамалық бағалаулар беру және сараптама ұйымдастыру; тесттердің классикалық және қазіргі заманғы теориясы шеңберінде тесттердің негізгі статистикалық көрсеткіштері мен нәтижелерін есептеу. Дағды: білім сапасын бағалаудың әдіснамалық тәсілін және тесттерді құрастыру мен қолданудың әдіснамалық негіздерін; педагогикалық өлшемдер деректерін талдаудың статистикалық көпөлшемді әдісін меңгеру.
7	Түйінді	Қазіргі психологиядағы тұлға теориялары	3	Білу: тұлға психологиясының негізгі ұғымдары мен теориялары; тұлғаны эмпирикалық зерттеудің заманауи мәселелері; тұлға теорияларын практикалық қолданудың заманауи мәселелері Іскерлік: тұлға психологиясы ұғымдарының мазмұнын дербес талдау; алынған теориялық білімді практикалық психологияның диагностикалық және психокоррекциялық міндеттерін шешу үшін қолдану; әртүрлі мазмұндағы психологиялық-педагогикалық қызметте жеке тәсілді қолдану; зерттелетін пәнді қамтитын оқу және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу. Дағды: тұлға теориялары саласындағы негізгі ұғымдар, персоналдық тәсілдер саласындағы теориялық талдау әдістері
7	Түйінді	Тұлғалық кеңес берудің теориясы мен практикасы	3	Білу: психологиялық кеңес берудің жалпы ережелері: жеке тұлғаны диагностикалаудың анықтамалары, кезеңдері, әдістері; тұлғаға психологиялық кеңес берудің классикалық және заманауи бағыттары; тұлғалық психотерапияның классикалық және заманауи түрлері; Іскерлік: жеке тұлғаның ерекшеліктеріне Психодиагностика жүргізу; жеке тұлғаға психологиялық кеңес беру мен психотерапияның әртүрлі әдістерін қолдану. Дағды: психологиялық кеңес беру процесін ұйымдастыру және жүргізу; консультацияның негізгі бағыттарын олардың теориялық негізділігі мен ғылыми тұрғыдан талдау дағдылары; психологиялық - педагогикалық

				бағыттағы ғылыми жұмысты құру дағдылары
8	Кәсіби, әлеуметтік-психологиялық	Жоғары білім беру аймағындағы психолог жұмысының ерекшеліктері	3	Білу: білім беру жүйесіндегі психологтың қызметін реттейтін Негізгі заңнамалық-құқықтық және нормативтік актілер; білім берудегі психологиялық қызметтің қалыптасуының теориялық-әдіснамалық алғышарттары, оның отандық және шетелдік практикадағы тарихы мен қазіргі жағдайы; практикалық білім беру психологының кәсіби қызметінің бағыттары мен түрлері; Іскерлік: өзінің кәсіби қызметін жоспарлауды жүзеге асыру; практикалық қызметті іске асыру процесінде уақытша, кеңістіктік және мазмұнды ресурстарды тиімді пайдалану; эмпирикалық психологиялық зерттеулерді жоспарлау және жүргізу; Дағды: психопрофилактиканы жүзеге асыру, психологиялық қолдау және білім беру процесінің субъектілерін дамытуды қолдау құралдары мен тәсілдері.
8	Кәсіби, әлеуметтік-психологиялық	Әлеуметтік аймақтағы практикалық психология	3	Білу: әлеуметтік мәні туралы білім жүйесі; тұлғааралық деңгейде, тұлғалық-топтық және бұқаралық деңгейде қарым-қатынас тетіктері мен формалары туралы білім жүйесін беру; әлеуметтік-психологиялық білімді пайдаланудың негізгі бағыттарын сипаттау; жеке рефлексия қабілетін қалыптастыру; қарым-қатынас процесіне қатысушыларға оң көзқарасты тәрбиелеу. Іскерлік: күнделікті өмірде белсенді өмірлік ұстанымды дамытуға, ғылыми әдебиеттерді талдауға және пән тақырыптары бойынша мақалаларға түсініктеме беруге көмектесетін біліммен жұмыс жасау. Дағды: психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру тәсілдерімен; кәсіби педагогикалық қызметтегі әртүрлі коммуникация құралдарымен; білім беру процесінің басқа субъектілерімен (ата-аналармен, әріптестермен) өзара іс-қимыл тәсілдерімен; көпмәдениетті білім беру ортасы жағдайында білім беру процесінің субъектілерімен байланыс орнату және өзара іс-қимылды қолдау тәсілдерімен; әлеуметтік-психологиялық талдау және нақты педагогикалық

				жағдайларды шешу дағдыларымен
9	Әлеуметтік-психологиялық	Топтық тренингтің психотехнологиялары	3	Білу: тренингтік жұмыстың заманауи психотехнологиялары; кәсіби қарым-қатынастың тиімді тәсілдері; тренинг жүргізу кезінде қолданылатын коммуникациялық техникалар, релаксациялық әдістер және әртүрлі жаттығулар, психологиялық ойындар өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы туралы негізгі психотехнологиялардың мазмұны; Іскерлік: кәсіби қызметте қарым-қатынас мәдениетінің дағдыларын қолдану; жаңа проблемалар мен жағдайларды шешуге шығармашылықпен қарау. Дағды: әлеуметтік-психологиялық тренинг бағдарламасын құрастыру және пайдалану; тренингтік жаттығулар мен ойындар өткізу; проблемаларды топтық шешу; тренингте жұмыстың әртүрлі әдістерін қолдану дағдылары (топтық пікірталас, рөлдік ойын, психотехникалық жаттығулар мен әдістер)
9	Әлеуметтік-психологиялық	Топпен жұмыс жасаудағы психоаналитикалық техникалар	3	Білу: пәннің негізгі ұғымдары мен категориялары; топпен жұмыс істеу технологиясының мәні мен мазмұны, тіршілік әрекетінің әртүрлі салаларында халықтың әртүрлі топтарымен жұмыс істеу технологияларының негізгі түрлері; топпен жұмыс тиімділігін талдау әдістері Іскерлік: курсты оқу процесінде алған білімдерін оқу және кәсіби қызметте қолдану; әртүрлі деңгейдегі жұмыс клиенттерінің мәселелерінің технологиялық шешімін табу; топтық динамика процестерін түсіну және басқару; топтың қиын қатысушыларымен жұмыс істей білу (мотивацияланбаған, пассивті, жанжалды, демонстрациялық және т.б.). Дағды: топтық процестерді талдау, ауызша және ауызша емес қарым-қатынастың жоғары деңгейіне ие болу, тренингтің негізгі рәсімдеріне қатысу және өткізу тәжірибесін алу

Кесте 2. Әлеуметтік-кәсіби өзара іс-қимыл пәндерін игеру кезектілігі

Курс	Қамтамасыз ететін пәндер	Құзыреттері	Күтілетін нәтижелер
1	Ғылым және философия тарихы	Түйінді	Білу: - ғылымның құрылымы мен табиғаты, оны ұйымдастыру және жұмыс істеу принциптері; - ғылым генезисінің тарихы, қолданыстағы модельдері және ойлау түрлері тұрғысынан проблемалары; - ғылыми және философиялық ойдың өзара әрекеттесу мүмкіндіктері; - Ғылым тарихы мен философиясының негізгі ұғымдары; - білімді қалыптастыру мәселелері, ғылыми пәндерді қалыптастыру және дамыту заңдылықтары; - ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі принциптері. Іскерлік: - ғылыми-зерттеу қызметінде туындайтын және терең кәсіби білімді талап ететін міндеттерді тұжырымдау және шешу; - зерттеудің қажетті әдістерін таңдау, қолда бар әдістерді жетілдіру және нақты іздеу міндеттерінде туындайтын жаңа әдістерді әзірлеу; - тарих пен философия, жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық және техникалық білім әдіснамасы негізінде ғылымның қазіргі теориясы мен практикасының шындығын талдау және түсіну; - ғылыми ізденісте, педагогикалық және тәрбие жұмысында әдістемелік және практикалық білімді қолдану. Дағды: - тиісті бағыт бойынша іргелі білімді талап ететін ғылыми-ізденістер және ғылыми-педагогикалық қызметті жүргізу; - ғылыми мақалалар, тезистер жазу; конференцияларда, симпозиумдарда, дөңгелек үстелдерде, пікірталастар мен пікір алмасуларда сөз сөйлеу.
1	Шетел тілі (кәсіби)	Түйінді	Білу: - зерттелетін шет тілінде материалды ғылыми баяндаудың функционалдық-стилистикалық сипаттамалары; - шет тіліндегі тиісті мамандықтың жалпы ғылыми терминологиясы және терминологиялық қосалқы тілі. Іскерлік:

			- алынған ақпаратты кейіннен талдай, түсіндіре және бағалай отырып, тиісті білім саласының түпнұсқа әдебиеттерін шет тілінде еркін оқи алады; - ғылыми ақпаратты жазбаша нысанда (реферат, аннотация, түйіндеме) экспликациялау; - дөңгелек үстелде кәсіби пікірталасқа, ғылыми пікірталастарға, жарыссөздерге, әңгімелесулерге қатысу; - ғылыми зерттеудің тұсаукесерімен (семинарларда, конференцияларда, симпозиумдарда, форумдарда)сөз сөйлеу; - тікелей және жанама қарым-қатынас кезінде көпшілік алдында сөйлеген сөздерін (дәрістер, баяндамалар, теле-және интернет-бағдарламалар) есту және түсіну. Дағды: - мамандық бойынша монологиялық және диалогтік нысанда мамандығы бойынша монологиялық және диалогтік нысанда ауызша қарым-қатынас жасау (баяндама, хабарлама, презентация, дөңгелек үстелде әңгімелесу, пікірталас, пікірталас, жарыссөз); - мамандығы бойынша жазбаша ғылыми қарым-қатынас (ғылыми мақала, тезистер, баяндама, аударма, реферат және аннотация); - шет тіліндегі лексикографиялық дереккөздермен жұмыс; - шет тілін үйренудің заманауи тәсілдерін қолдану.
1	Жоғары мектеп педагогикасы	Түйінді, кәсіби	Білу: жоғары білім берудің заманауи парадигмалары, ҚР жоғары білім берудің даму тарихындағы педагогикалық ой тарихы және білім беру қызметінің қазіргі тәжірибесі. Іскерлік: басқарушылық қызмет пен басқарушылық қатынастардың негізгі ережелерін анықтау, жоғары мектепте оқытудың кредиттік жүйесі негізінде оқыту процесін ұйымдастыру әдістерін қолдану, педагогикалық жағдайды шешуде креативті ойлау және шығармашылықпен қарау. Дағды: теориялық құралдарды таңдаудың әдіснамалық тәсілдерін, кәсіби және күнделікті өмірдегі қарым-қатынас мәдениетін меңгеру.
1	Басқару психологиясы	Түйінді, кәсіби	Білу: басқару процесінің мәні мен құрылымы, басқару психологиясының теориялық негіздері және оның тұжырымдамалық-категориялық аппараты, басқару объектісі және субъектісі ретіндегі тұлғаның ерекшеліктері туралы. Іскерлік: топтармен және ұжымдармен жұмыс істеуде басқарушылық дағдыларды қолдану, топ ішінде және одан тыс қарым-қатынас құру, топқа әсер ету мен ынталандырудың психологиялық тәсілдерін қолдану. Дағды: басқару психологиясының тұжырымдамалық аппаратын меңгеру, өкілеттік беру және уақытты басқару дағдылары.

1	ЖОО-да педагогикалық пәндерді оқытудың әдістемесі	Кәсіби	Білу: педагогиканы оқу пәні ретінде құрылымдау принциптері, педагогикалық пәндердің мазмұнын игеруді ұйымдастыру тәсілдері. Іскерлік: ЖОО-да педагогикалық пәндерді оқыту процесін ұйымдастыру және басқару, педагогикалық пәндерді оқыту практикасында теориялық білімді іске асыру. Дағды: психология оқытушысының коммуникативтік мәдениеті; психологиялық-педагогикалық пәндердің оқу процесін ұйымдастыру; оқу процесінің әдістемелік құралдары; пәннің категориялық аппараты.
1	Инновациялық білім беру технологиялары	Кәсіби	Білу: Заманауи педагогикалық технологиялардың әдіснамалық және теориялық негіздері; білім беруде педагогикалық технологияларды пайдалану жөніндегі жұмыстың мәні, міндеттері мен мазмұны; Іскерлік: білім беру жағдайларында педагогикалық міндеттерді оқшаулау, үйренген алгоритмдер негізінде оларды тиімді шешудің әртүрлі нұсқаларын негіздеу, гуманистік басымдықтарға сүйене отырып, неғұрлым барабар тәсілдерді таңдау; педагогикалық жағдайларды берілген мақсатпен модельдеу және жобалау; кәсіби рефлексия негізінде мұғалімнің қызметін жоспарлау және жобалау; Дағды: білім беру процесінде педагогикалық технологияларды шығармашылық іске асыру үшін қажетті білім жүйесі мен дағдылар кешені; педагогикалық техниканың әдістерін таңдау және пайдалану, педагогикалық шеберліктің негіздерін меңгеру
1	ЖОО-да психологиялық пәндерді оқытудың әдістемесі	Кәсіби	Білу: ЖОО-да психологиялық пәндерді оқытудың мақсаты мен принциптері, психологиялық пәндерді құрудың ғылыми негіздері, оқу сабақтарының негізгі нысандарын өткізудің ерекшеліктері; Іскерлік: тиісті әдістер мен құралдардың көмегімен оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі формаларында психологиялық білімнің игерілуін бақылауды ұйымдастыру Дағды: психология курсына танымдық іс-әрекеттің қалыптасуын басқарудың оңтайлы дидактикалық стратегиясы
1	Маманның кәсіби күзінеттілігін қалыптастыру	Кәсіби	Білу: педагогикалық кәсіптің ерекшеліктері, мәні, ерекшелігі; педагогикалық қызметтің негізгі түрлері мен құрылымы; педагогтің жеке басына және кәсіби құзыреттілігіне қойылатын мемлекеттік және білім беру стандартының талаптары; мұғалімнің теориялық және практикалық дайындығының мазмұны Педагог кәсібилігінің негізгі компоненттерін анықтай білу; педагогикалық қызметте ұйымдастырушылық кәсіби құзыреттіліктерді бөліп көрсете білу және оларды практикада қолдана білу Дағдылар: кәсіби рефлексия дағдылары және мамандыққа тиімді көзқарас.

2	Психологиялық-педагогикалық эксперименттің теориясы мен практикасы	Зерттеушілік, кәсіби	Білу: ғылыми эксперименттік мектептердің даму ерекшеліктері мен проблемалары, бағыттары мен зерттеулері, қазіргі эксперименттік психологияның негізгі мәселелері. Іскерлік: психологиялық-педагогикалық экспериментте қолданылатын эксперименттік әдістердің сапалық және сандық өлшемдерін талдау, жалпылау; Дағды: психологиялық – педагогикалық экспериментті жоспарлау және жүргізу; психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.
2	Педагогикалық үдеріс сапасын бағалау және мониторингілеу	Зерттеушілік, кәсіби	Білу: Негізгі ұғымдар: "білім беру сапасы", "білім беру нәтижелерінің сапа мониторингі", білім беру процесінің критерийлері мен сапа көрсеткіштері, зерттеу қызметінің негізгі компоненттері, критерийлері мен сапа көрсеткіштері. Іскерлік: педагогикалық үдерістің сапасын бағалау және мониторингілеу бойынша ғылыми білімнің категориялық негіздерімен жұмыс жасау. Дағды: білім беру сапасын бағалау критерийлері мен көрсеткіштерін айқындау; білім беру мекемелерінде білім беру сапасы үшін Бақылау өлшеу материалдарын талдау, жасау, қолдану және іске асыру

3. Білім беру бағдарламасына кіретін модульдердің тізбесі

модуль №	Модуль атауы	Модульге кіретін пәндер тізбесі	блок	семестр	Кредиттер көлемі	Бақылау формасы	Модуль бойынша барлық кредиттер
М.1	Ғылым мен білімнің мәдени-тарихи аспектілері	Ғылым тарихы және философиясы	БП ЖК	1	5	емтихан	10
		Психология мен білім берудегі мәдени-тарихи және іс-әрекеттік әдістер	КП ЖК	1	5	емтихан	
М.2	Академиялық жазу және тілдік құзыреттілік	Шетел тілі (кәсіби)	БП ЖК	1	4	емтихан	7
		Оқыту бағыттары бойынша академиялық жазудың ерекшеліктері	КП ЖК	2	3	емтихан	
М.3	Жоғары мектептің тарихы мен әдістемесі	Жоғары мектеп педагогикасы	БП ЖК	1	4	емтихан	8
		1. Қазақстандағы жоғары білім берудің даму тарихы 2. ЖОО-да білім беру мазмұнын және оқыту технологиясын жүзеге асырудың ғылыми-теориялық негіздері	КП ТК	2	4	емтихан	
М.4	Психологияның басқарушылық және коммуникативті аспектілері	Басқару психологиясы	БП ЖК	2	4	емтихан	13
		1.Кәсіби қарым-қатынас психологиясы 2 Көпшілік коммуникация психологиясы	КП ТК	2	4	емтихан	
		1. Топтық тренингтің психотехнологиялары 2. Топпен жұмыс жасаудағы психоаналитикалық техникалар	КП ТК	3	5	емтихан	

М.5	Оқытудың әдістемелік аспектілері	Педагогикалық іс-тәжірибе	БП ТК	2	3	есеп	13
		1.ЖОО-да педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі 2.Инновациялық білім беру технологиялары	БП ТК	1	5	емтихан	
		1. ЖОО-да психологиялық пәндерді оқыту әдістемесі 2. Маманның кәсіби күзiреттiлiгiн қалыптастыру	БП ТК	2	5	емтихан	
М. 6	Ғылыми зерттеулердің әдіснамалық негіздері	1.Психологиялық-педагогикалық эксперименттің теориясы мен практикасы 2. Педагогикалық үдеріс сапасын бағалау және мониторингілеу	БП ЖК	3	5	емтихан	42
		Зерттеушілік іс-тәжірибесі	БП ЖК	4	13	есеп	
		Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	МҒЗЖ	1 2 3 4	24	диф/есеп	
М. 7	Психологиялық-педагогикалық зерттеулердің теориялық негіздері	1. Қазіргі психологиядағы тұлға теориялары 2. Тұлғалық кеңес берудің теориясы мен практикасы	КП ТК	3	5	емтихан	10
		1.Педагогикалық деонтология 2.Педагогикалық өлшем	КП ТК	3	5	емтихан	
М.8	Педагог-психолог қызметінің акмеологиялық негіздері	1.Педагогикалық акмеология 2. Қазіргі психологиядағы ғылыми мектептер мен теориялар	КП ТК	2	4	емтихан	9

		1. Жоғары білім беру аймағындағы психолог жұмысының ерекшеліктері 2. Әлеуметтік аймақтағы практикалық психология	КП ТК	3	5	емтихан	
М.9	Қорытынды аттестаттау	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу	ҚА	4	6	қорғау	8
		Магистрлік диссертацияны қорғау			2		
	Барлығы						120

Мағынасы:

БП – базалық пәндер

ЖК – ЖОО компоненті

ТК – тандау компоненті

КП – кәсіптік пәндер

МҒЗЖ – Ғылыми-зерттеушілік жұмыс

ҚА – қортынды аттестация